



М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік
университетінің ректоры, экономика ғылымдарының
докторы, профессор С.М. ӨМІРБАЕВ мырзаға

Құрметті Серік Мәуленұлы!

Сіздерді егемен еліміздегі жоғары білім беру ісінің ілгері кадам басуына елеулі үлес қосып келе жатқан М. Қозыбаев атындағы атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің 80 жылдық мерейлі белесімен шынайы ниетпен құттықтаймын!

Бұл оқу ордасы – еліміздегі тарихы тереңде жатқан, іргелі білім шаңырағы. Талай сындарлы кезеңдерден өткен университет ұжымы бүгінгі мерейлі кезеңге толағай табыстармен, үлкен жетістікремен жетті.

Халқымыздың аяулы перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың ардақты есімін иеленген Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті – тамыры тереңде жатқан тағылымды тарихы бар, еліміздің іргелі оқу орындарының бірі.

Алғашында Петропавл мұғалімдер институты болып негізі қаланған бұл оқу орны бүгінгі күні мемлекеттік мәртебе алып, еліміздегі және халықаралық білім беру кеңістігінде өз орнын айшықтап, елеулі жетістіктерге жетіп, жаңаша даму жолына түсті.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелер жасауға, еліміздің солтүстік өңірінің индустриалды-инновациялық стратегиясын жүзеге асыруда ат салысуға, инновациялар және ғылыми зерттеу нәтижелері мен жаңа технологияларды енгізу арқылы жоғары білім беру сапасын арттыруға бағытталған.


Қазіргі таңда бұл университет – мемлекет жүктеген міндеттер мен Елбасы қойып отырған жаңа талаптар үдесінен шығып, қарқынды дамып келе жатқан Қазақстанның рухани жаңғыруына, экономикасының өсуіне бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауды белсенді түрде жүзеге асырып отырған, ірі халықаралық деңгейдегі ғылым, білім ордасы болып табылады.

Оқу орны тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студенттердің шығармашылық талмас қайраты мен күнделікті ізденіс пен еңбегінің арқасында қаланған.

80 жылдық белесті абыроймен бағындырған университет табыстары мен жетістіктері алдағы кезеңдерде де жаңа идеялық ізденістермен және бастамашыл кадамдармен жалғасын таба беретініне сенімім мол.

Тәуелсіз Қазақ Елінің білімді болашағын қалыптастыру жолындағы игі істеріңіз табысты болсын! Өздеріңізге мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметпен,
Қауымдастық президенті



Р. АЛШАНОВ